



«Бекітемін»
Колледж директоры
Р. Айназаров

2023-2024 оқу жылы

Арал индустриалды –техникалық колледждің
студенттік жатақхана

ЕРЕЖЕСІ

Арал қаласы, 2023 ж

1. Арал индустриалды – техникалық колледждің студенттік жатақханаларындағы ішкі тәртіп

1. Жалпы ережелер

- Арал индустриалды – техникалық колледж жарғысына сәйкес күндізгі оқу түрінде оқитын студенттерге (көп балалы, әлеуметтік жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім, сәтсіз жанұя) беріледі;
- Арал индустриалды – техникалық колледж студенттік жатақханасы орын тәртіп бойынша жазғы демалыстан бөлек бір оқу жылына беріледі.

Жатақханада орын алар алдын, әрбір тұрғын жатақхана меңгерушісімен өзара жауапкершілік келісе отырып және төмендегі құжаттарды тапсыруы тиіс:

- Студенттік жатақханалары басқармасының бастығына жазылған өтініш;
- Тиісті оқу орнынан берілген жатақханада тұруға рұқсат ордері;
- Жеке куәлігінің көшірмесі;
- Денсаулық жағдайы туралы 086У анықтамасы;
- Мекен-жайы туралы анықтамасы;
- 3x4 екі сурет.
- Жатақхана мүлігі әрбір тұрғынның жеке қолдануына беріледі. Мүліктің толыққанды сақталу жауапкершілігі алушыға жүктеледі.
- Барлық тұрғындар жатақханаға уақытша тіркеледі және жатақханаға кіру үшін рұқсат қағазы беріледі;
- Жатақханада тұратын барлық студенттер, магистранттар үшін жатақханаға кіріп-шығу үшін уақыты 7.00 ден 21.00 дейінгі аралықта бекітілген. 21.00 ден кейін жатақханаға кіруге және шығуға тыйым салынады;
- Студенттердің қал - жағдайын білуге келген ата-аналар арнайы ата-аналар бөлмесіне уақытша орналастырылады;
- Жатақхана меңгерушілері (тәрбиешілер) әрбір жатақхана тұрғынын жеке қол хаты негізінде төмендегі ережелермен таныстырады: жатақханадағы Ішкі тәртіп Ережесі, Өрт қауіпсіздігі Ережесі, Электр құралдардың пайдалану Ережесі, Санитарлық Ережелер, Техника қауіпсіздігі Ережесі;
- Карантин кезінде жатақханаға кіріп-шығу уақыты Шымкент қаласы бас санитарлық дәрігерінің қаулысына сәйкес бекітіледі.

2. Студенттік жатақханаларда тұратын тұрғындардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Жатақхана тұрғындарының құқықтары:

- Ішкі тәртіп ережелерін сақтай отырып берілген бөлмеде тұруға;
- Жатақханадағы дүние-мүлікті, құрал-жабдықтарды, оқу және мәдени-тұрмыс орындарын (кітапхана, демалыс бөлмесі) пайдалануға;
- Жатақхананың Студенттік кеңес құрамын сайлау және құрамына сайлануға;
- Қазіргі заманға сай жөндеу жұмыстарын талап етуге немесе жиһаздардың және басқа да дүние мүліктердің ауыстырылуын, сондай-ақ тұрмыстық қажеттіліктердің кемшіліктерін жоюға;
- Колледж директоры, директордың оқу - тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары және жастар ұйымының төрағасы (төрайымы) мен студенттік парламент төрағасы (төрайымы) рұқсатымен түнгі 22-00 -ге дейін мерекелік кештерді (би кештері, өнер сайыстары, жиналыстар және т.б.) өткізуге құқылы.

2.2. Жатақхана тұрғындарының міндеттері:

- Жатақханалардағы Ішкі тәртіп Ережесін, Өрт қауіпсіздігі Ережесін, Электр құралдарын пайдалану Ережесін, Санитарлық Ережені, Техника қауіпсіздік Ережесін қатаң сақтауға;
- Жатақханаға кіретін кезде қауіпсіздік қызметінің ескертуінсіз рұқсат қағазын ашық түрде көрсетуге;
- Жатақханалардағы мемлекеттік меншікті сақтауға, жатақхана айналасындағы жасыл желекті аймақты тазалықта ұстауға, жылуды, электр қуатын және суды үнемдеп пайдалануға;
- Бөлмеден шығар кезде әйнек-терезелерді, есіктерді жауып, электр құралдары мен жарықты сөндіруге;
- Бөлмені және қоғамдық пайдалану орындарын таза ұстауға, бөлмелерде сабаққа кетер алдын күнделікті тазалау жұмыстарын жүргізуге;
- Жатақхана меңгерушісіне бөлменің қосалқы кілтін тапсыруға;

- Ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес өз тарапынан келтірілген материалдық шығынды өтеуге;
- Бөлмелердің және қоғамдық пайдалану орындарының жағдайын тексеріп келген басқарма қызметкерлеріне қарсылық тудырмауға;
- Жатақхана ішіндегі көршілермен татулықта болуға, бірін-бірі сыйлауға, бір-біріне жол беруге міндетті.

2.3. Жатақхана тұрғындарына тыйым салынады:

Рұқсат қағазсыз кіріп-шығуға (тіпті қоқыс тастауға да);

- Өз еркімен бір бөлмеден екіншісіне көшуге, дүние мүлікті бір орыннан екінші орынға ауыстыруға;
- Жиһаздарды, есіктерді, бөлме қабырғаларын және қабырғалардағы стендтерді, плакаттарды, кестелерді, хабарландыруларды және т.б. бүлдіруге;
- Бөгде адамдарды өз бөлмесінде тұрғызуға, рұқсат қағазы мен бөлме кілтін бөгде адамға беруге;
- Есікті бұзып кіруге, құлыптарды бұзуға және ауыстыруға, өз бетінше жөндеуге және жиһаздарды қайта құрастыруға не болмаса қабырғалар тұрғызуға;
- Бөлмеге түнеуге бөгде адамдарды қалдыруға;
- Жатақханаға мас күйінде келуге, есірткі пайдалануға жатақханада алкогольдік ішімдіктер ішуге және темекі шегуге;
- Берілген бөлмені коммерциялық мақсатта пайдалануға (офис, өндіріс, сақтау, сауда орындары, қызмет көрсету және т.б.), жеке және мемлекет заттарын сатуға;
- Шу шығаруға және лайықты салауатты өмір салтына, оқуға, демалысқа кедергі жасауға. Дауысы бөлмеден тыс шығып кететіндей ұнтаспаларды, радионы қосуға. Түнгі уақытта (21-00 ден-07-00 ге дейін) дыбыс шығаратын аппараттарды қосуға, ән салуға;
- Жатақханада үй жануарларын ұстауға;
- Жатақхана шатырына шығуға, терезе алдында тұруға, отыруға және терезеден кіріп-шығуға;
- Дәлелді себепсіз 22.00 ден кейін жатақханаға кіруге немесе жатақханадан шығуға;
- Бөлмелерде жылыту пештерін қолдануға;
- Кез-келген типтегі қаруды алып жүруге және сақтауға;
- Жатақхана тұрғындарына және қызмет етуші азаматтарға дөрекілік, зорлық көрсетуге, қорқытуға;
- Жатақханада өзге ұлт өкілдерінің студенттерімен қақтығысқа түсуге;
- Жатақханадан мемлекет иелігіндегі меншігін алып кетуге;
- Жатақханада лесбиянкалар, көгілдірлер, қызтекелер, еркекшоралар, жеңіл жүрісті студенттердің жатуына;
- Ата-ана күн сайын келіп студенттердің мазасын алуға, жатақханада қонуға.

3. Студенттік өзін-өзі басқару ұйымы

3.1. Жатақханадағы тұру қауіпсіздігін қамтамасыз ету және мәдени-тұрмыстық, спорттық, салауатты өмір салтын жақсарту, өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру мақсатында жатақхана студенттері жатақхананың Студенттік кеңесін сайлайды. Студенттік кеңес студенттік жатақханалар басқармасы және Тәрбие ісі және жастар саясаты департаменті, Студенттік кәсіподақ ұйымымен бірге жатақхана тұрғындарының мүддесін қорғайды;

3.2 Студенттік Кеңес - қабат, подъезд және секция старосталарының қызметін қадағалайды, өздігінше қызмет ету жұмыстарын ұйымдастырады, өз еркімен жатақхана тұрғындарын жатақханада және оның аумағындағы қоғамдық жұмыстарға қатыстырады;

3.3 Студенттік Кеңестің студенттік жатақхана меңгерушілерімен келісе отырып қабылдаған шешімі жатақханадағы барлық тұрғындарға міндетті болып табылады;

3.4 Қабат, подъезд және секция старосталары Студенттік Кеңестің шешімімен тағайындалады. Старосталарға жатақхананың барлық бөлмелері мен қоғамдық пайдалану орындарында ішкі тәртіп Ережесінің сақталуын, санитарлық нормалардың орындалуын қадағалау және жатақхана өмірін жақсарту үшін мерекелік ойын - сауық өнер сайыстары, кездесулер, рухани - патриоттық іс-шаралар, жиналыстар және т.б. өткізу жүктеледі.

4. Кезекші оқытушылардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Студенттік жатақханада колледж директорының өкімімен бекітілген кезекші оқытушылар сағат 17.00-ден 21.00-ге дейін, 21.00 ден -8.00 ге дейінгі (түнгі) кезекші қызметін атқаруы тиіс (Барлық бөлмелерді аралау, студенттердің тыныс-тіршілігімен танысу, тәрбиелік мәні бар іс-шаралар ұйымдастыру);

4.2. Кезекшілік кезінде келеңсіз, оқыс оқиғалар орын алған жағдайда, колледж директорына, қауіпсіздік қызметіне, оқу -тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, педагог -психолог және жастар ұйымының төрағасына (төрайымына) хабарлауы тиіс (мәліметтер жазбаша тіркелуі тиіс);

4.3. Кезекшілікке түскен оқытушылар, өндірістік оқу шеберлері бұйрық бойынша бекітілген уақыттан бұрын ескертусіз кетіп қалған жағдайда, себепсіз кешіккен немесе келмей қалған жағдайда оқу -тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс жариялауға құқылы.

5. Қауіпсіздік және тәртіп сақтау қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері

5.1. Қауіпсіздік және тәртіп сақтау қызметкерлері ауысым кезінде студенттік жатақханалардағы барлық студенттердің қауіпсіздігіне және тәртібіне тікелей жауапты (белгіленген тәртіп бойынша сырттан бөтен адамдарды кіргізбеу, әр тұрғынның құжатын тексеріп кіргізу, жатақхана тұрғындарын себепсіз сағат 23.00-ден кейін кіргізбеу және шығармау, жатақхана аумағында тәртіп бұзушылық пен құқық бұзушылықты болдырмау және алдын-алу);

5.2. Студенттік жатақханаға түскен қауіпсіздік және тәртіп сақтау қызметкерлері тікелей Тәрбие ісі және жастар саясаты департаментіне қарасты болады;

5.3. Студенттік жатақханаға түскен қауіпсіздік және тәртіп сақтау қызметкерлері өзге қызметкерлермен және студент жастармен университеттің корпоративтік этика талаптарына сай қарым-қатынас орнатуы тиіс;

5.4. Қауіпсіздік және тәртіп сақтау қызметкерлері өзінің кезекшілік қызметін атқаруда өз жұмысына салғырттық танытқан жағдайда Тәрбие ісі және жастар саясаты департаменті директорының ұсынысы бойынша реттік тәртіптік жаза қолданылады (жұмыс орнын қараусыз қалдырған жағдайда, құмар ойындар (карта, компьютерлік ойындар, видео ойындар) ойнаған жағдайда, бөтен адамдарды құжатсыз кіргізген жағдайда) және ол қызметкермен еңбек келісім-шарты бұзылып, жұмыстан шығарылады.

6. Марапаттау және тәртіптік жазалау

6.1. Жатақханадағы студенттердің жағдайын жақсартуда өз үлесін қосқаны үшін Студенттік кеңес мүшелері және жатақхана тұрғындары студенттік жатақханалар басқармасы, факультеттер, Тәрбие ісі және жастар саясаты департаменті және Студенттік кәсіподақ ұйымы тарапынан төмендегідей марапатталады:

-алғыс жариялау;

-әр-түрлі сыйлықтармен және ақшалай марапаттау;

6.2. Аталған Ережелерді бұзғаны үшін жатақхана тұрғындарына төмендегідей тәртіптік шаралар қолданылады:

-сөгіс жариялау.

-жатақханадан және оқудан шығару туралы ескерту.

6.3. Тәртіптік жазалау ректор, тәрбие ісі және жастар саясаты департаментінің директоры, студенттік жатақханалар басқармасының бастығы, жатақхана меңгерушісі және Студенттік кәсіподақ ұйымының шешімімен беріледі.